

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Біржақты түсінік. 3-бөлім

5-тарау. Біржақты түсінік





Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 20. Біржақты түсінік, 3-бөлім

Біржақты түсініктерді азайту

Сол кездерде әлеуметтік психологтар жүріс-тұрыстың өзгеруіне ұстанымдарды өзгерту арқылы жол ашуға болатынына сенімді еді. Демек, сіз бірбеткей ересек адамның қара нәсілді адамдарға қарсы көзқарасын өзгерте алсаңыз, бұл ересектер өз балаларының қара нәсілді балалармен бір мектепке баруына қарсы болмайды. Бірақ қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдары өз зерттеу объектілерін жақсырақ білуі қажет болса да, олардың көпшілігі бірбеткей ұстанымдарды ақпараттық науқандар арқылы өзгерте алатынына сенімді болды. Олар біржақты түсінікті азайту үшін голливудтық тәсілді қолданды: егер біржақты түсінікке бой алдырған адамдар қара адамдарды жалқау және иі жұмсақ жандар деп санаса, онда сіз оларға қара нәсілді адамдарды еңбекқор және адамгершілігі мол етіп бейнелеген фильм көрсетуіңіз керек! Басқа сөзбен айтқанда, ақпарат – жалған ақпаратпен қарсы күрес жолындағы сенімді қару. Біржақты түсінік белгілі бір дәрежеде экономикалық қақтығыстың, әлеуметтік нормаларға конформдылықтың және жеке тұлғаның тамырланып кеткен қажеттіліктерінің функциясы болса, оны ақпараттық науқанмен өзгерту оңай болмайды.

Көп адамда біржақты түсінік өз сенімдерінің жүйесіне терең орнығып алған, оны кітап, фильм және радиохабарлар көмегімен төмендетудің орнына, айналадағы адамдардан тым көп қолдау мен мақұлдау естиді және күнделікті жүріс-тұрысымен-ақ қатты тамырлана береді.

Тең мәртебелілермен байланыс әсері. Ұстанымдарды өзгерту арқылы жүріс – тұрысты өзгерту мүмкін болғанмен, ұстанымды білім беру арқылы өзгерту қиын. Әлеуметтік психологтар жүріс-тұрыстағы өзгерістер ұстанымдардағы өзгерістерге әсер етуі мүмкін екенін бұрын білгенмен, енді ғана түсіне бастағандай. Қара нәсілділер мен ақ нәсілділер бір-бірімен тура байланысқа түссе, біржақты түсінікке бой алдырған адамдар қарапайым стереотиппен емес, өздерінің шынайы тәжірибелері арқылы байланысқа шыға бастайтыны ең қарапайым деңгейде расталған. Соңында осының бәрі терең түсінікке жетелейді. Күні кешеге дейін тең мәртебелілер байланысы біздің қоғамымыздағы білім беру және кәсіби теңсіздікке және өмір сүру аудандарының бөлектенуіне байланысты сирек болды.

Десегрегацияның жанама эффектілері. Әлеуметтік психологтар аз топпен тікелей байланысуға еш мүмкіндігі жоқ адамдардың құндылықтарына десегрегацияның әсер ете алатынына көп ой жібере қойған жоқ.

Әлеуметтік психологтардың біразы сондай аңғал. Олардың ойынша, адамдар қашып құтыла алмайтын нәрсеге мойынсұнып, үйлесімсіздікті азайтар болса, онда тамыры тереңге кеткен нәсілдік төзімсіздікті жоюға болады. Бұған қатысты автордың ойы мынадай: өте жақсы жағдайларда мұндай оқиғалар көп адамның жалған көзқарасын өзгертіп, өшпенділік сезімін азайтады.

Дегенмен басқа жағдайлар ұдайы бірдей емес. Алдыңғы дәрісте автор өте күрделі құбылысқа әдейі қарапайым көзқарас ұсынған. Барлық мәселе өте жақсы жағдайда теориялық тұрғыда ғана іске асатынын көрсету үшін қасақана жасалды. Алайда жағдайдың өте жақсы болатын кезі сирек, қашанда оны қиындататын жайттар болмай тұрмайды. Ендеше осы қиын жайттарды қарастырып, оларды қалай болдырмауға немесе алдын алуға болатынын талқылап көрейік.

Өзара тәуелділік – ықтимал шешім

Мектеп десегрегациясы студенттер арасындағы өзара түсіністікті жақсартуға жол аша алады. Бірақ бұл мәселенің нақты шешімі емес. Мұндағы мәселе түрлі нәсілден және этникалық топтардан шыққан жастарды бір мектепке жинау ғана емес. Олар сонда жиналғаннан кейін не болады – маңызды мәселе осы. Байқауымызша, атмосфера жоғары бәсекелестік жағдайында болса, бұрын қандай болғанына қарамастан, қарым-қатынас нәтижесінде шиеленіс арта бермек. Мектептегі десегрегацияның әуелгі нәтижесі болып келетін шиеленіс Мұзафер Шериф пен әріптестері жазғы лагерьде өткізген эксперименттегі ұл балалардың жүріс-тұрысын есіне түсіреді. Сол экспериментте екі топ арасындағы дұшпандық оларды қақтығыс жағдайына душар ету және жарыстыру арқылы



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 20. Біржақты түсінік, 3-бөлім

қолдан жасалды. Дұшпандық пайда бола салысымен, оны қақтығыс пен бәсекелестікті жою арқылы ғана төмендетуге болмайды. Шындығында, сенімсіздік мықтап орнығып алған соң екі топты тең жағдайға келтіріп, олардың арасындағы бәсекелестікті жою – олардың арасындағы өшпенділік пен сенімсіздікті арттыра түсті. Мысалы, олар бірге фильм көріп әншейін отырған кезде де бір-біріне жауығумен болды.

Сонда Шериф, ақыр соңында, дұшпандық деңгейін қалай төмендетті? Екі топ бір-біріне өзара тәуелділік жағдайына келтірілді, яғни мақсатқа жету үшін олар бір-бірімен ынтымақтаса отырып жұмыс істеуге тиіс болды. Мысалы, зерттеушілер су құбыры жүйесін қолдан бұзып, төтенше жағдай туындатты. Ал оны жөндеудің бірден-бір жолы – барлық баланың тез арада бірлесе отырып жұмыс істеуі. Басқа жағдайда, сапар кезінде лагерьдің жүк машинасы сынып қалды. Көлікке қайта отыру үшін балалар оны биік төбеге итеріп шығаруға тиіс еді. «Қырандар» тобынан болса да, «Жыландар» тобынан болса да, балалар бірігіп әрекеттенген кезде ғана мақсатқа қол жеткізу мүмкін болды. Ақыр аяғында дұшпандық сезімі мен жағымсыз стереотип азайды. Әр топтағы балалар достасып кетті, ойнап, кез келген жағдайда қарым-қатынасқа түсе бастады.

Мұндағы шешуші фактор – адамдар мақсатқа жетуде бір-бірін қажетсінетін жағдай, яғни өзара тәуелділік болса керек. Бірқатар зерттеушілер жақсы бақыланатын зертханалық эксперименттерде ынтымақтастық артықшылықтарын көрсетті. Мысалы, Мортон Дойч белгілі бір мәселені шешетін топта бәсекелестік емес, ынтымақтастық атмосферасы туындатылған кезде, дос бір-біріне ықыласты бола түсетінін көрсетті. Сондай-ақ Патриция Кинан мен Питер Карневаленің зерттеуінде, топ ішіндегі және топ арасындағы ынтымақтастықты туғызуға әсер ететінін анықталды. Демек, белгілі топта қалыптасқан ынтымақтастық қатынас осы топтың басқа бір топпен өзара әрекет жасауына тура келген кезде жиі ауысып отырады. Олардың зерттеуінде, біріккен жұмыстарға қатысқан топтар әу бастан бәсекелестік жағдайында жұмыс істеп келе жатқан топтарға қарағанда, басқа топтармен кейінгі келіссөздер кезінде ұйымшыл бола түсті.

Осы процесс арқылы оқушылар бағдарламаға қосымша тағы біраз материалмен танысып үлгереді. Біріншіден, олар сыныпта жалғыз ғана сарапшы бар екенін біледі. Ол – мұғалім. Сонымен қатар, олар өздерінің ақылды екенін белсенді түрде көрсетсе, мұғалімнің елеусіз қалдырмайтынын түсінеді. Өз тұрғыластарымен кеңесуден табатын пайда да жоққа тән. Шынында да, құрдастары – олардың жаулары жеңіліс табуы тиіс. Оның үстіне, оқытушылардың басым бөлігі сыныптағы тығыз қарым-қатынасты жақтыра бермейді. Егер қарым-қатынас сабақ үстінде байқалса, ол сабаққа кедергі ретінде бағаланады, ал емтихан кезіндегі қоян-қолтық қатынас бармақбастылық делінеді.

Жоғары бәсекелі бұл процесте, сіз дұрыс жауапты білетін оқушы болсаңыз, бірақ мұғалім сыныптастарыңыздың бірін тақтаға шақырса, сіз өзіңіздің ақылдылығыңызды мұғалімге көрсету мүмкіндігі туындауы үшін тақтадағы оқушының дұрыс жауап бермейтініне үміттеніп отырасыз. Дұрыс жауап бере алмаған немесе қол көтермей отырған оқушы табысты сыныптастарына кек сақтауға бейім болады. Ал үздік оқушылар үлгерімі төмендерді жақтырмай, оларды ақылсыз және қызықсыз деп санайды. Осы процесс жақсы ықылас пен түсіністікке көлеңке түсіреді. Ол тіпті бір нәсілге жататын балалар арасында да өшпенділік тудырады. Осы бәсекелестік жағдай онсыз да нәсілралалық сенімсіздіктен ширығып тұрған сыныптағы жалпы жағдайға қосылса, біз Остинде тап болған әбігерге алғышарттар жасайды.

Сыныптағы бәсекелестік дәстүрлі үрдіс болса да, әлеуметтік психолог ретінде біз оның міндетті түрде солай болмауы керек екенін түсінеміз. Жоғарыда мысалға алынған Мұзафер Шерифтің экспериментіне иек арта отырып, ұйымшылдық үрдісінің дәл осы жағдайға қажет нәрсе екенін пайымдадық. Бірақ, мұны қалай іске асыруға болады? Шын мәнінде бұл ешқандай қиындық тудырған жоқ. Аронсон әріптестерімен бірігіп, сынып бөлмесіне арналған әдіс жасады. Бұл әдіс мінсіз болды. Оны оқушылар тақырыпты мұқият оқып, алдағы емтиханды жақсы тапсыру үшін бір-бірімен бірлесе жұмыс істеуге тиіс етіп құрастырды. Қалайда жеңіп шығудың қажеттілігін азайтты. Бас қатыру ойынына көбірек ұқсайтындықтан, әдіс басқатырғыш деп аталды.

Мысал арқылы нақтылай түсейік. Бесінші сынып оқушылары белгілі америкалықтардың өмірбаянымен танысып жатты. Алдағы сабақ әйгілі журналист Джозеф Пулитцердің өмірбаянын зерттеуге арналды. Біріншіден, әр топтың өзіндік ерекшелігі болатынына көз жеткізіп алып, оқушылар алты-алты адамнан топтарға бөлінді. Сосын, Пулитцердің өмірбаянын алты бөлікке бөлді.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 20. Біржақты түсінік, 3-бөлім

Бірінші бөлікте оның ата-бабасы жайлы және олардың Америкаға қалай көшіп келгені туралы мәліметтер берілді, екіншісінде оның балалық шағы және қалай өскені, үшіншісі жастық шағы, білім алуы және алғашқы қадамдары, төртіншісі орта жастағы кезі мен өз газетін қалай ашқаны жөнінде және т.б. болды. Джозеф Пулитцердің өміріндегі әрбір маңызды сәт арнайы бөлікте қамтылды. Өмірбаян нұсқасының көшірмесі жасалып, әрбір көшірме ортақ абзац арқылы алты бөлікке бөлініп, әр топтағы оқушыларға бір үзіндіден таратылды. Осылайша олар Джозеф Пулитцердің өмірбаянын толық алды, бірақ әр оқушыда оның алтыдан бір бөлігі ғана болды. Өмірбаянға толық қанығу үшін әр оқушы топтағы оқушының әңгімесін мұқият тыңдауы тиіс еді.

Мұғалім оқушыларға білгенін бір-біріне айтуға шектеулі уақыт беретінін айтты. Белгіленген уақыт біткенде білетіндерін сұрайтынын да еске салды.

Бірнеше күн бойы оқушылардың бәрі бір-бірінің көмегінен табысқа жету мүмкін емес екенін түсінді. Олар топтың кез келген мүшесінің өз түсінігіне ерекше және қомақты үлес қоса алатынын және одан кейінгі тест нәтижесіне де әсер ететінін түсінді. Енді жалғыз сарапшының орнына әр студент өз бөлігінің сарапшысы болды. Бірін-бірі ажуалаудың орнына, олар бірін-бірі көтермелеуге тырысты. Өйткені, олар өз материалын жақсы игеру үшін топтың әрбір мүшесімен санаса отырып, толық материалды игеруге болатынын түсінді.

Балалар ортақ үрдісті танып-білу кезінде жолығатын дәстүрлі мысалды келтіре кеткен жөн болар. Топтың бірінде мексикалық-америкалық бала болды. Есімін шартты түрде Карлос дейік. Карлос Джозеф Пулитцердің жастық шағы туралы айтуы тиіс болды. Ол материалды білетін, бірақ қатты абыржыды, өзін қатты жайсыз сезінді. Бірнеше апта бойы ағылшын тілді студенттер оның тіліндегі акцентті қатты мазақтады. Карлос осы жағдай қайталануы мүмкін деп қорықты.

Ол мүдіріп, кекештеніп, қолды-аяққа тұрмай кетті. Топтастары да көмектесе қойған жоқ. Балалар бәсекелестік рухында тәрбиеленген еді, мектептегі жарыс ойынын жақсы білетін. Олар басқа бала – өздері ақымақ деп санайтын бала «сүрінген» кезде не істеу керек екенін біледі. Сондықтан Карлосты келемеждей берді.

Эксперимент барысында Мэри есімді қыздың «Сен ештеңе білмейсің! Түк білмейтін ақымақсың! Сен тіпті өзің не істеп жүргеніңді де білмейсің!» дегенін естідік. Алғашқы экспериментімізде сарапшы топтан-топқа ауысып, жағдайды бақылап жүрді. Әлгі оқиға болған кезде ол сөзге араласып: «Жарайды, сіз оған ұрыса берсеңіз болады. Бұл тіпті, сіздерге күлкілі болып көрінуі де мүмкін. Бірақ осының бәрі сізге Джозеф Пулитцердің жастық шағы туралы материалдарды білуге еш көмегін тигізбейді. Ал емтихан бір сағаттан кейін басталады», – деп ескертті.

Байқасаңыздар, нақты айтылған ескерту жағдайды түбірімен өзгертті. Мэри енді Карлосты кемсіткенінен еш пайда таппайды, керісінше ол көп нәрседен ұтылады.

Осындай бірнеше оқиғадан кейін Карлостың тобындағы оқушылар Джозеф Пулитцердің жастық шағы туралы материалды жаттаудың ең дұрыс жолы – оның не айтатынына назар аудару керек екенін түсіне бастады. Біртіндеп олар жақсы тыңдаушыға айнала берді. Өзінің білетінін айтып жатқанда тұтығып қала беретін Карлосты шеттету мен келемеждеу орнына, олар оған сұрақты жұмсақтап қоятын болды. Бұл сұрақтар Карлос өз үйренгенін еркін жеткізуге жетелеп отырды. Ол Карлос ептеп босаңсып, «емнің» бұл түріне реакция білдіре бастады. Психологиялық жүк жеңілдеген соң оның әңгімелесу қабілеті де арта берді. Бірнеше аптадан соң топ Карлостың өздері ойлағанға қарағанда ақылды екенін түсінді. Олар оның бойынан бұрын өздері мүлде байқамаған нәрсеге назар аударды. Карлос топқа ұнай бастады. Ал ол мектепте жақсы оқып, ағылшын тілді балаларға азаптаушы емес, көмектен аянбайтын және жауапкершілігі зор адам ретінде қарай бастады. Оның үстіне, ол өзін сыныпта жайлы сезініп, өзіне сенімі арта берді, сабақ үлгерімі де жақсарды. Шырғалаң шеңбер бұзылды, төмен тартатын шиыршықтар енді жоғары тартатын болды. Бірнеше апта ішінде сыныптағы атмосфера күрт жақсарды.

Көп жыл бойы жүргізілген зерттеулер басқатырғыш әдісі тек америкалықтарға және тек кішкентай балаларға тиімді емес екенін көрсетті. Бұл әдіс Еуропада да, Африкада да, Таяу Шығыста да және Австралияда да, бастауыш мектептерден университеттерге дейін барлық студенттерге табысты қолданылды. Зерттеушілер басқатырғыш әдісін адамдардың физикалық және эмоциялық ақауы бар жандарға қатысты көптеген біржақты түсінігінде де қолданды. Осындай эксперименттің бірінде колледж студенттері бұрын психикалық сырқатпен ауырған адаммен қарым-қатынасқа



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 20. Біржақты түсінік, 3-бөлім

түсті. Бұл қатынас оқу үрдісінің бір бөлігі еді. Кейбір студент «бұрынғы психикалық науқаспен» өзара қатынасты басқатырғыш әдісі арқылы жасаса, кейбіреулері дәстүрлі жағдайда араласты. Нәтижелер таңғаларлықтай болды. Басқатырғыш әдісіне жүгінген студенттер дәстүрлі жағдайда тілдесуге түскен студенттерге қарағанда, таптаурын дағыларынан тез арылып, өзара тілдесуден жақсы, рақат сезім алды. Оның үстіне, «бұрынғы психикалық науқаспен» басқатырғыш сеансын өткерген студенттер психикалық науқастарды оң сипаттады.

Базалық механизмдер

Басқатырғыш әдісі неге оң нәтиже беріп отыр? Оның тиімділігінің бір себебі – ынтымақтастық стратегиясы адамдарға жағымды жағдай тудырады, яғни топтағы кез келген адам өз білімімен басқалармен бөлісу арқылы, оларға жақсылық жасайды.

Осыны толықтыра түсетін механизмді Самуэль Гартнер мен әріптестері жасаған эксперимент көрсетті. Онда ынтымақтастық процесі адамдардың когнитивті категорияларын өзгерту арқылы, топтар арасындағы кедергілерді азайтатыны айтылады. Басқаша айтқанда, ынтымақтастық біздің сырттағы «бөтен адамдарды» «өз адамдарымыздан» бөлу дағдымызды өзгертеді. Бірақ «бөтен адамдардан» «өз адамдарымызға» дейінгі жол қандай? Автордың ойынша, делдалдық процесс дегеніміз – эмпатия, яғни өз тобыңыздың мүшелері сезінетін нәрселерді сезіне алу. Сыныптағы бәсекелестіктің басты мақсаты – мұғалімге өзіңіздің қаншалықты ақылды екеніңізді көрсету. Басқа оқушыларға көп көңіл бөлу тіпті қажет емес. Дегенмен «басқатырғыштың» сипаты бөлек. Сыныпта өз тиімділігін көрсету үшін әр оқушы топтағы әр баланың не оқып жатқанына мұқият назар аударуы керек.

«Басқатырғыш» әдісі баланың жалпы эмпатиялық қабілетін күшейте түседі деуге де болады. Жастардың әлемге басқа адамның көзқарасымен қарай алу қабілеті тұлғааралық қарым-қатынаста терең мәнге ие болады. Басқа адамның уайымын түсінудегі қабілетімізді дамытсақ, осы адамға жүрегіміздің көзі ашылады. Ал өзге жанға жүрек көзіміз ашылса, ол адамға қатысты біржақты түсініктің болуы, ол адамды қорлау, төмендету тіпті мүмкін емес.

Әралуандықтың міндеті

Ұлттардың, қалалардың, аймақтардың немесе мектептердің әралуандығы түрлі қызықтың немесе тәртіпсіздіктің бастауы болуы мүмкін. Десегрегация бізге осы әралуандылықты пайдалану мүмкіндігін көрсетті. Бірақ бұл артықшылықтарды барынша арттыру үшін біз нәсілдік және этникалық ерекшеліктерге қарамай, бір-бірімізбен мейлінше жоғары үйлесімде қарым-қатынас жасауға тиіспіз. Әрине, елде нәсілдік және этникалық үйлесімге ұқсас нәрсеге қол жеткізу үшін жүріп өтетін жол тым ұзақ. Сыныптарда біріктіріп оқыту әдісі алға қадам жасауымызға айтарлықтай көмектесті.